типовая форма утверждена

Правлением АО "Tengri Bank"
(протокол заседания от
"27" июня 2016 года № 46)

*с изменениями и дополнениями, утвержденными*
*Правлением АО "Tengri Bank"*
*(протокол заседания от*
*"13"февраля 2019 года № 009)*

| **"Потребительский кредит" өнімі бойынша кредит желісін ашу туралы КЕЛІСІМ** | **СОГЛАШЕНИЕ об открытии кредитной линии по продукту "Потребительский кредит "** |
|---|---|
| **1-бап. Жалпы ережелер** | **Статья 1. Общие положения** |
| **1.1.** Осы Кредит желісін ашу туралы келісім (бұдан әрі – Келісім немесе осы Келісім) "Tengri Bank" АҚ (бұдан әрі – Банк) Кредит желісін ашу, Кредит желісі аясында Қарыздар беру және қызмет көрсету бойынша (төменде берілгендей) операцияларды жүзеге асырудың талаптары мен тәртібін анықтайды, сонымен қатар Тараптардың (төменде белгіленгендей) құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және Банк пен Борышкердің (төмендегі белгіленгендей) арасындағы құқықтық қатынастардың басқа да ерекшеліктерін белгілейді. | **1.1.** Настоящее Соглашение об открытии кредитной линии (далее – Соглашение либо настоящее Соглашение) определяет условия и порядок осуществления АО "Tengri Bank" (далее – Банк) операций по открытию Кредитной линии, выдаче и обслуживанию Займов (как он определен ниже) в рамках Кредитной линии, а также устанавливает права, обязанности, ответственность Сторон (как определено ниже) и иные особенности правоотношений между Банком и Должником (как он определен ниже). |
| **1.2.** Осы Келісім талаптары стандартты нысанда белгіленген және Борышкермен Қосылу туралы өтінішке (төменде белгіленгендей) қол қою жолымен ғана қабылдануы мүмкін. Банк пен Борышкер туралы мәлімет Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Осы Келісім Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабындағы талаптарға сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады. Бұл ретте Қосылу туралы өтініш пен Келісім бір құжат ретінде қаралуы мүмкін. | **1.2.** Условия настоящего Соглашения определены в стандартной форме и могут быть приняты Должником не иначе, как путем подписания Заявления о присоединении (как определено ниже). Сведения о Банке и Должнике указываются в Заявлении о присоединении. Настоящее Соглашение является договором присоединения, заключаемым в соответствии с требованиями статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан. При этом, Заявление о присоединении и Соглашение могут рассматриваться исключительно в качестве единого документа. |
| **1.3.** Борышкердің Келісімге Қосылу туралы өтінішке қол қоюы Борышкердің Келісімге тұтастай қосылуын білдіреді. Борышкердің Қосылу туралы өтініштегі қолы: | **1.3.** Подписание Должником Заявления о присоединении к Соглашению означает присоединение Должника к Соглашению в целом. Подпись Должника на Заявлении о присоединении свидетельствует о том, что: |
| – Банк таңдау үшін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіпке сәйкес, қарыз бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде ескерілетін комиссиялар мен басқа да төлемдерді алу көзделмеген кредит беру талаптарын, сонымен қатар Банктің сыйақы | – Банк предоставил для выбора условия кредитования, при которых не предусмотрено взимание комиссий и иных платежей, учитываемых при расчете годовой эффективной ставки вознаграждения по займу в соответствии с порядком, установленным нормативным |

| | |
|---|---|
| мөлшерлемесінен басқа, Қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты және Қосылу туралы өтініште көзделген комиссиялар мен басқа да төлемдерді алу құқығын көздейтін кредит беру талаптарын ұсынғанын;<br>– Борышкердің Келісімді толық көлемде оқып шыққанын, түсінгенін және ешқандай ескертулерсіз және шағымдарсыз қабылдағанын;<br>– Келісімде Борышкер үшін ол өзінің қисынды түсінікті мүдделерінен қабылдамайтын қандай да болсын ауыртпалық талаптар мазмұндалмағанын;<br>– Егер Банкте Борышкер қол қойған Қосылу туралы өтініш болса, Борышкер Келісімді оқымағанына / түсінбегеніне / қабылдамағанына дәлел ретінде Келісімдегі қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқығы жоқ екенін;<br>– Қарыз алушының немесе Ортақтас борышкердің (егер мұндай Ортақтас борышкер Келісім бойынша Қарыз алса) транштар беру/кепілдіктер шығару жөніндегі барлық талаптарымен келісетінін;<br>– Келісімнің барлық ережелері Борышкердің мүддесі мен еркіне толық көлемде сәйкес келетінін;<br>– Келісімді жасау және оның талаптарын орындау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының (төменде белгіленгендей) қандай да болсын ережесін бұзбайтынын және бұзуға әкеп соқтырмайтынын куәландырады.<br>**1.4.** Банк Кредит желісінің ашылуымен байланысты Банк қызметтерін көрсету аясында Борышкерден алған Келісімге барлық Қосымшалар (олар болған кезде), өтініштер (төменде белгіленгендей), егер Қосылу туралы өтініштің және Транш беру туралы өтініштің мәтінінде басқасы айтылмаса Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылады.<br>**1.5.** Борышкер мен Банк бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал әрқайсысы жеке – "Тарап" деп аталып, Қосылу туралы өтінішпен және осы Келісіммен белгіленген барлық талаптар мен міндеттемелерді қабылдайды.<br>**1.6.** Қосылу туралы өтініштің, осы Келісімнің, Транш беру туралы өтініштің мәтінінде қолданылатын түсініктер мен анықтамалар егер Қосылу туралы өтінеште, Транш беру туралы өтінеште басқа мағынасы көрсетілмесе, осы Келісімде көрсетілген мағынада қолданылады. | правовым актом уполномоченного органа, а также условия кредитования, предусматривающие право Банка, взимать, помимо ставки вознаграждения, комиссии и иные платежи, связанные с выдачей и обслуживанием Займа и предусмотренные Заявлением о присоединении;<br>– Должник прочитал, понял и принял Соглашение в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений;<br>– Соглашение не содержит каких-либо обременительных для Должника условий, которые он, исходя из своих разумно понимаемых интересов, не принял бы;<br>– Должник не вправе ссылаться на отсутствие его подписи на Соглашении, как доказательство того, что Соглашение не было им прочитано/понято/принято, если у Банка имеется Заявление о присоединении, подписанное Должником;<br>– Заемщик или Солидарный должник (если таким Солидарным должником получен Заем по Соглашению) соглашается со всеми условиями по предоставлению траншей;<br>– Все положения Соглашения в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Должника;<br>– Заключение Соглашения и исполнение его условий не нарушит и не приведет к нарушению какого-либо положения действующего законодательства Республики Казахстан (как определено ниже).<br>**1.4.** Все Приложения к Соглашению (при их наличии), заявления (как определено ниже), принятые Банком от Должника в рамках оказываемых Банком услуг, связанных с открытием Кредитной линии, являются неотъемлемой частью Соглашения, если иное не оговорено в тексте Заявления о присоединении и Заявления о выдаче транша.<br>**1.5.** Должник и Банк, далее совместно именуемые "Стороны", а каждая в отдельности – "Сторона", принимают все условия и обязательства, определенные Заявлением о присоединении, настоящим Соглашением.<br>**1.6.** Понятия и определения, используемые в тексте Заявления о присоединении, настоящего Соглашения, Заявления о выдаче транша, имеют значение, которое приведено в настоящем Соглашении, если иное значение не установлено непосредственно в тексте Заявления о присоединении, Заявлении о выдаче транша. |

| | |
|---|---|
| **2-бап. Келісімнің мәні** | **Статья 2. Предмет Соглашения** |
| **2.1.** Банк Кредит желісін ашады және оны Қарыз алушыға Транш беру туралы өтініштердің аясында, Қосылу туралы өтініштің 1.3-тармағымен белгіленген қаржыландыру лимитінің шегінде, ақылық, қайтарымдылық, мерзімділік, қамтамасыз етулік талаптарында және осы Келісіммен белгіленген басқа да талаптармен жекелеген транштармен береді (бұдан әрі – Қарыз). | **2.1.** Банк открывает Кредитную линию и предоставляет ее Заемщику отдельными траншами (далее – Заем) в рамках Заявлений о выдаче транша в пределах лимита финансирования, установленного пунктом 1.3 Заявления о присоединении, на условиях платности, возвратности, срочности, обеспеченности и на других условиях, определенных настоящим Соглашением. |
| **3 бап. Кредит желісі. Кредит желісі бойынша жалпы талаптар** | **Статья 3. Кредитная линия. Общие условия по Кредитной линии** |
| **3.1.** Кредит желісін ашудың талаптары, атап айтқанда – Келісімді жасау күні, кредит желісінің мақсаты, сомасы, және валютасы, кредит желісінің мерзімі, сыйақы мөлшерлемесінің түрі, Қарызды өтеу әдісі, негізгі борыштың уақытында өтелмегені және сыйақының уақытында төленбегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімді) есептеу тәртібі және мөлшері, комиссиялар мен басқа да төлемдердің толық тізбесі, сонымен қатар олардың транштар беруге және кредит желісіне қызмет көрсетуге байланысты алуға жететін мөлшерлері, транштар мен сыйақыны өтеу тәртібі мен кезеңділігі, және Келісімнің әрекет ету мерзімі Тараптармен Қосылу туралы өтініште анықталады. | **3.1.** Условия открытия кредитной линии, а именно – дата заключения Соглашения, цель, сумма и валюта кредитной линии, срок кредитной линии, вид ставки вознаграждения, метод погашения Займа, порядок исчисления и размер неустойки (штрафа, пени) за несвоевременное погашение основного долга и уплату вознаграждения, полный перечень комиссий и иных платежей, а также их размеры, подлежащие взиманию в связи с выдачей траншей и обслуживанием кредитной линии, порядок и периодичность погашения траншей и вознаграждения, обеспечение, и срок действия Соглашения определяются Сторонами в Заявлении о присоединении. |
| **3.2.** Қарыз беру талаптары, атап айтқанда Қарыздың сомасы мен валютасы, Қарыздың мерзімі, сыйақы мөлшерлемесінің түрі, оның жылдық пайыздағы мөлшері, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, Қарызды өтеу әдісі Тараптармен Транш беру туралы өтініште анықталады. | **3.2.** Условия предоставления Займа, а именно – сумма и валюта Займа, срок Займа, вид ставки вознаграждения, ее размер в годовых процентах, размер годовой эффективной ставки вознаграждения, метод погашения Займа определяются Сторонами в Заявлении о выдаче транша. |
| **3.3.** Қарызды өтеу және сыйақыны төлеу Транш беру туралы өтінішпен белгіленген кезеңділікпен Банктің кассасы арқылы қолма-қол ақша енгізу жолымен немесе оларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәсілдермен аудару жолымен жүзеге асырылады. | **3.3.** Погашение Займа и уплата вознаграждения, осуществляются путем внесения денег наличными через кассу Банка, либо путем их зачисления в безналичном порядке, способами, предусмотренными действующим законодательством Республики Казахстан, с периодичностью, определенной Заявлением о выдаче транша. |
| **3.4.** Қарыз алушының Келісім бойынша берешекті өтеуі келесі кезектілікпен жүргізіледі: | **3.4** Погашение задолженности Заемщика по Соглашению производится в следующей очередности: |
| 3.4.1. мерзімі өткен берешек пайда болған күннен бастап 180 күнге дейін: | 3.4.1. до 180 дней образования просроченной задолженности[1]: |
| 1) негізгі борыш бойынша берешек; | 1) задолженность по основному долгу; |
| 2) сыйақы бойынша берешек; | 2) задолженность по вознаграждению; |

[1] Жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамсыздандырлған қарыздарды қоспағанда/ За исключением займов, обеспеченных ипотекой недвижимого имущества

| | |
|---|---|
| 3) Келісім талаптарымен белгіленген мөлшердегі тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл);<br>4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;<br>5) ипотекалық қарыз беру және қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар және өзге төлемдер;<br>5-1) қарызды берумен және қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар және өзге төлемдер;<br>6) Банк шығындары;<br>3.4.2. мерзімі өткен берешек пайда болған 180 жүйелі күнтізбелік күн өткен соң:<br>1) негізгі борыш бойынша берешек;<br>2) сыйақы бойынша берешек;<br>3) төлемдердің ағымдағы кезеңіндегі негізгі борыш сомасы;<br>4) төлемдердің ағымдағы кезеңінде есептелген сыйақы;<br>5) Келісім талаптарымен белгіленген мөлшердегі тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл);<br>5-1) қарызды берумен және қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар және өзге төлемдер;<br>6) Банк шығындары.<br>3.4.3. Жүргізілген төлем сомасы міндеттемелерді орындау үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушының осы Келісім бойынша берешекті өтеуі келесі кезектілікпен жүргізіледі:<br>1) сыйақы бойынша берешек;<br>2) ипотекалық қарызды берумен және қызмет көрсетумен байланысты банктік шотты жүргізу үшін, сондай-ақ банктік шотқа қарызды есепке алу үшін комиссияларды қоспағанда, ипотекалық Қарызды берумен және қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар және өзге төлемдер бойынша берешек;<br>3) Келісім талаптарымен белгіленген мөлшердегі тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл);<br>4) төлемдердің ағымдағы кезеңінде есептелген сыйақы;<br>5) ипотекалық қарызды берумен және қызмет көрсетумен байланысты комиссиялар және өзге төлемдер;<br>6) Қарыз алушының Келісім бойынша міндеттемелерін орындауын алумен байланысты Банк шығындары; | 3) неустойка (штрафы, пени) в размере, определенном условиями Соглашения;<br>4) сумма основного долга за текущий период платежей;<br>5) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей;<br>5-1) комиссии и иные платежи, связанные с выдачей и обслуживанием займа;<br>6) издержки Банка;<br>3.4.2. по истечении 180 последовательных календарных дней образования просроченной задолженности[1]:<br>1) задолженность по основному долгу;<br>2) задолженность по вознаграждению;<br>3) сумма основного долга за текущий период платежей;<br>4) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей;<br>5) неустойка (штрафы, пени) в размере, определенном условиями Соглашения;<br>5-1) комиссии и иные платежи, связанные с выдачей и обслуживанием займа;<br>6) издержки Банка.<br>3.4.3. Погашение задолженности Заемщика по настоящему Соглашению в случае, если сумма произведенного платежа недостаточна для исполнения обязательств производится в следующей очередности[2]:<br>1) задолженность по вознаграждению;<br>2) задолженность по комиссиям и иным платежам, связанным с выдачей и обслуживанием ипотечного Займа, за исключением комиссий за ведение банковского счета, связанного с выдачей и обслуживанием ипотечного займа, а также за зачисление займа на банковский счет;<br>3) неустойка (штраф, пеня) в размере, определенном условиями Соглашения;<br>4) вознаграждение, начисленное за текущий период платежей;<br>5) комиссии и иные платежи, связанные с выдачей и обслуживанием ипотечного займа;<br>6) издержки Банка, связанные с получением исполнения обязательств Заемщика по Соглашению;<br>7) задолженность по основному долгу; |

[2] Жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамсыздандырылған қарыздар үшін қолданылады/Применяется для займов, обеспеченных ипотекой недвижимого имущества

7) негізгі борыш бойынша берешек;

8) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы.

**3.5. Борышкер осы Келісім, Қосылу туралы өтініш және Транш беру туралы өтініш бойынша міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісті түрде орындамаған кезде Банк қолданатын шаралар:**

1) Қарыз және сыйақы бойынша мерзімі өткен қарыз болған жағдайда, Банк Борышкерге осы Келісіммен және Қосылу туралы өтінішпен көзделген тәсілмен мәлімдеме жібереді, және Борышкер қарызды өтеу міндеттемесін мәлімдемеде көрсетілген мерзімде орындамаған жағдайда, Борышкердің талабы бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ашылған банктік шоттардағы мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы және әлеуметтік төлемдер түрінде Борышкер алатын ақшаны, Борышкердің талабы бойынша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ашылған банктік шоттардағы алименттерді (кәмелет жасқа толмаған және еңбекке жарамсыз балаларды асырауға арналған ақша), сондай-ақ "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тұрғын үй төлемдері түріндегі ақшаны, тұрғын үй құрылыс жинақ банктеріндегі Банктің банктік шоттарындағы тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақтары түріндегі ақшаны, нотариус депозитінің талаптарымен енгізілген ақшаны және "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаны қоспағанда, Борышкердің кез келген банктік шотындағы ақшадан талассыз (акцептсіз) тәртіппен, оның ішінде төлем талабын беру арқылы өндіріп алуға.

Төлем талабын беру арқылы Борышкердің Келісім бойынша бойынша берешегін өндіріп алу оның банктік шотындағы ақша сомасының және (немесе) кейіннен Борышкердің банктік шотына түсетін ақшаның әрбір сомасының 50 (елу) пайызы мөлшерінде шектеледі және банктік шотқа төлем тапсырманы толық

8) сумма основного долга за текущий период платежей.

**3.5. Меры, принимаемые Банком при неисполнении и (или) ненадлежащем исполнении Должником обязательств по настоящему Соглашению, Заявлению о присоединении и Заявлению о выдаче транша:**

1) при наличии просроченной задолженности по Займу и вознаграждению Банк направляет Должнику уведомление способом, предусмотренным настоящим Соглашением и Заявлением о присоединении, и в случае неисполнения Должником обязательств по погашению задолженности в срок, указанный в уведомлении, Банк вправе обратить взыскание в бесспорном (безакцептном) порядке на деньги, в том числе путем предъявления платежного требования, имеющиеся на любых банковских счетах Должника, за исключением денег, получаемых Должником в виде пособий и социальных выплат, выплачиваемых из государственного бюджета и (или) Государственного фонда социального страхования, находящихся на банковских счетах, открытых по требованию Заемщика, в порядке, определенном нормативным правовым актом уполномоченного органа, алиментов (денег, предназначенных на содержание несовершеннолетних и нетрудоспособных совершеннолетних детей), находящихся на банковских счетах, открытых по требованию Должника, в порядке, определенном нормативным правовым актом уполномоченного органа, а также жилищных выплат, предусмотренных Законом Республики Казахстан "О жилищных отношениях", денег, находящихся на банковских счетах в жилищных строительных сберегательных банках в виде жилищных строительных сбережений, накопленных за счет использования жилищных выплат, денег, внесенных на условиях депозита нотариуса, и денег, находящихся на банковских счетах по Соглашению об образовательном накопительном вкладе, заключенному в соответствии с Законом Республики Казахстан "О Государственной образовательной накопительной системе".

Взыскание задолженности Должника по Соглашению путем предъявления платежного требования ограничивается в пределах 50 (пятидесяти) процентов от суммы денег, находящейся на его банковском счете, и (или) от

| | |
|---|---|
| орындау үшін қажетті барлық соманың түсуін күтпей жүзеге асырылады. Көрсетілген шектеулер Борышкердің жинақ шотындағы ақшаға қолданылмайды.<br>Бұл ретте, жеке тұлғаның ағымдағы шотында сақталатын ақша республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген күнкөріс минимумы мөлшерінен кем болмауы тиіс *(бұл абзац 24.09.2019 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі).*<br>2) Борышкердің берешегін сот тәртібінде өндіріп алуға;<br>3) берешекті өндіріп алуды үшінші тұлғаларға тапсыруға, оның ішінде қажеті құжаттарды және осы Келісім бойынша ақпаратты ұсына отырып, тапсыруға;<br>4) осы Келісіммен белгіленген жағдайларда Кредит желісін желісін, Қарыз ұсынуды бір жақты тәртіпте уақытша тоқтатуға;<br>5) Борышкерден тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсім) төлеуін талап етуге;<br>6) Борышкерден Келісім және Банк пен Борышкердің арасында жасалған басқа да мәмілелер бойынша міндеттемелерінің барлығын мерзімінен бұрын орындауын талап етуге.<br>**3.6.** Банк Борышкерден ол туралы мәліметтерді кредит бюроларына беруге және кредит бюросының Банкке Борышкер туралы кредиттік есеп, сонымен қатар Тараптардың Келісім, Қосылу туралы өтініш, Транш беру туралы өтініш бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты ұсынуына келісімін алды.<br>**3.7. Банктің пошталық және электронды мекен-жайы туралы ақпарат, сонымен қатар оның ресми интернет-ресурсы туралы ақпарат:**<br>3.7.1. Пошталық мекен-жайы: "Tengri Bank" АҚ, 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы, 42**;**<br>3.7.2. Электронды мекен-жайы: info@tengribank.kz;<br>3.7.3. Ресми интернет-ресурсы: www.tengribank.kz.<br>**3.8.** Осы арқылы Борышкер Банкпен Қарыз сомасын беру күнінде құрастырылатын және Борышкерге қол қоюға ұсынылатын Өтеу кестесімен, сонымен қатар болашақта Қарыз мерзімінен бұрын ішінара өтелген және/немесе осы Келісімге және/немесе | каждой суммы денег, поступающей в последующем на банковский счет Должника, и осуществляется, не дожидаясь поступления на банковский счет всей суммы, необходимой для полного исполнения платежного требования. Указанное ограничение не распространяется на деньги, находящиеся на сберегательном счете Должника.<br>При этом сумма денег, сохраняемая на текущем счете физического лица, должна быть не менее размера прожиточного минимума, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете *(настоящий абзац вводится в действие с 24.09.2019 года);*<br>2) взыскать задолженность Должника в судебном порядке;<br>3) поручить взыскание задолженности третьим лицам, в том числе с предоставлением необходимых документов и информации по настоящему Соглашению;<br>4) в одностороннем порядке приостановить предоставление Кредитной линии, Займа в случаях, установленных настоящим Соглашением;<br>5) потребовать уплаты Должником неустойки (пени, штрафа);<br>6) потребовать от Должника досрочно исполнить все обязательства по Соглашению и иным сделкам, заключенным между Банком и Должником.<br>**3.6.** Банком получены согласия Должника на предоставление сведений о Должнике в кредитные бюро и на выдачу кредитным бюро Банку кредитного отчета о нем, а также информации, связанной с исполнением Сторонами своих обязательств по Соглашению, Заявлению о присоединении, Заявлению о выдаче транша.<br>**3.7. Информация о почтовом и электронном адресе Банка, а также данные о его официальном интернет–ресурсе:**<br>3.7.1. Почтовый адрес: АО "Tengri Bank", 050000, Республика Казахстан, г. Алматы, проспект Абая, 42**;**<br>3.7.2. Электронный адрес: info@tengribank.kz;<br>3.7.3. Интернет–ресурсе: www.tengribank.kz.<br>**3.8.** Настоящим Должник выражает свое безусловное согласие с Графиком погашения, который будет составлен Банком в день выдачи суммы Займа и представлен на подпись Должнику, а также с графиками погашений, |

| | |
|---|---|
| Қосылу туралы өтінішке/Транш беру туралы өтінішке сәйкес Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі өзгерген жағдайда Банкпен ұсынылатын өтеу кестелерімен сөзсіз келісетінін білдіреді. | которые будут представлены Банком в будущем, в случае досрочного частичного погашения Займа и/или изменения ставки вознаграждения по Займу в соответствии с настоящим Соглашением и/или Заявлением о присоединении/Заявлением о выдаче транша. |
| **3.9.** Банк Борышкерге осы Келісімнің аясында ақылы негізде ілеспе қызметтер көрсетеді. | **3.9.** В рамках настоящего Соглашения Банк оказывает Должнику на платной основе сопутствующие услуги. |
| **3.10.** Қарызды пайдалану мерзімі Қарыз сомасы Қарыз алушының ағымдағы шотына аударылған күннен басталады және аталмыш Қарыз бойынша міндеттеменің барлық сомасы Банктің пайдасына келіп түскен күнмен аяқталады және бұл күндер Транш беру туралы әрбір жеке өтініште белгіленеді. Қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы жылына 360 (үш жүз алпыс) күнтізбелік күн есебінен есептеледі және Қарызды іс жүзінде пайдаланған уақыт үшін төленеді. | **3.10.** Срок пользования Займом начинается с даты перевода суммы Займа на текущий счет Заемщика и заканчивается датой поступления всей суммы обязательства по данному Займу в пользу Банка и эти даты определяются в каждом отдельном Заявлении о выдаче транша. Вознаграждение за пользование Займом начисляется исходя из 360 (трехсот шестидесяти) календарных дней в году и оплачивается за фактическое время пользования Займом. |
| **3.11.** Қарыздар Банкпен Қарыз алушының ағымдағы шотына тиісті ақша сомаларын аудару жолымен берілетін болады. | **3.11.** Займы будут предоставляться Банком путем перевода соответствующих сумм денег на текущий счет Заемщика. |
| **4-бап. Тараптардың жауапкершілігі:** | **Статья 4. Ответственность Сторон:** |
| **4.1.** Банк осы Келісім талаптарын орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді. | **4.1.** За неисполнение условий настоящего Соглашения Банк несет ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан. |
| **4.2.** Осы Келісімнің талаптарын бұзатын тікелей және/немесе жасырын түрдегі мәмілелер жарамсыз болып табылады, ал олардың жасалуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауаптылықта болады. | **4.2.** Сделки, в прямой и/или скрытой форме нарушающие требования и условия настоящего Соглашения, являются недействительными, а лица, виновные в их совершении, несут ответственность, установленную законодательством Республики Казахстан. |
| **4.3.** Міндеттемелер орындалмаған (тиісті түрде орындалмаған) жағдайда шығындарды өтеу Борышкерді осы Келісімді орындаудан босатпайды. | **4.3.** Возмещение убытков в случае неисполнения (ненадлежащего исполнения) обязательств не освобождает Должника от исполнения настоящего Соглашения. |
| **4.4.** Борышкер осы Келісім бойынша міндеттемелері орындалмаған (тиісті түрде орындалмаған) жағдайда толық көлемде жауаптылықта болады және Банктің тартқан шығыстары мен шығындарын өтеуге келіседі. | **4.4.** Должник несет ответственность и соглашается с возмещением понесенных Банком расходов и издержек в полном объеме в случае неисполнения (ненадлежащего исполнения) обязательств по настоящему Соглашению. |
| **4.5.** Тараптар еңсерілмейтін күш жағдаяттары: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі және осы жағдайдағы төтенше және алдын алу мүмкін емес басқа да жағдаяттар туындаған жағдайда міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. | **4.5.** Стороны освобождаются от ответственности за полное или частичное неисполнение обязательств, если оно явилось следствием обстоятельств непреодолимой силы: пожара, наводнения, землетрясения и иных чрезвычайных и непредотвратимых при данных условиях обстоятельств. |

| | |
|---|---|
| **5-бап. Тараптардың құқықтары және міндеттері**<br>**5.1. Борышкер:**<br>5.1.1. Транш беру туралы өтініш жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Банкпен Қарыз берілген күннен бастап есептелген сыйақыны төлей отырып, Қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін төлеусіз Қарызды қайтаруға;<br>5.1.2. егер негізгі борышты және(немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне келсе, негізгі борышты және(немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күнінде тұрақсыздық айыбы мен басқа да айыппұл санкцияларынсыз төлеуге;<br>5.1.3. өтініші бойынша 3 (үш) жұмыс күннен аспайтын мерзімде, өтеусіз негізде, айына 1 (бір) рет жазбаша түрде Қарыз бойынша қарызды өтеуге түсетін кезекті ақшаның (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыптарына, айыппұлдарға және мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып, басқа да төлеуге жататын сомаларға) бөлінуі туралы ақпарат алуға;<br>5.1.4.Банкке Қарызды мерзімінен бұрын ішінара немесе толық өтеу туралы өтініші бойынша өтеусіз негізде 3 (үш) жұмыс күннен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыптарына, айыппұлдарға және мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып, басқа да төлеуге жататын сомаларға бөліп, қайтаруға жататын соманың мөлшері туралы мәлімет алуға;<br>5.1.5. Қарызды 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген Қарызды алған күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін, 1 (бір) жылдан асатын мерзімге берілген Қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылға дейін Қарызды тұрақсыздық айыбы мен басқа да айыппұл санкцияларынсыз мерзімінен бұрын толық көлемде немесе ішінара төлеуге;<br>5.1.6. Борышкер үшін Келісімнің жақсару жағына қарай өзгергені туралы мәлімдемені алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Банкпен ұсынылған жақсартушы талаптардан осы Келісіммен көзделген тәртіпте бас тартуға;<br>5.1.7.алатын қызметтер бойынша бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жазбаша жүгінуге және Қазақстан Республикасының "Жеке және заңды | **Статья 5. Права и обязанности Сторон**<br>**5.1. Должник имеет право:**<br>5.1.1. в течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты заключения Заявления о выдаче транша возвратить Заем с оплатой вознаграждения, начисленного Банком с даты предоставления Займа без уплаты неустойки и иных видов штрафных санкций за возврат Займа;<br>5.1.2. в случае, если дата погашения основного долга и (или) вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату основного долга и (или) вознаграждения в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки и иных видов штрафных санкций;<br>5.1.3. по заявлению получить в срок не более 3 (трех) рабочих дней, безвозмездно, не чаще 1 (одного) раза в месяц в письменной форме информацию о распределении (на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки, штрафы и другие подлежащие уплате суммы) очередных поступающих денег в счет погашения долга;<br>5.1.4. по заявлению о частичном или полном досрочном возврате Банку Займа безвозмездно в срок не более 3 (трех) рабочих дней получить в письменной форме сведения о размере причитающейся к возврату суммы с разбивкой на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки, штрафы и другие подлежащие уплате суммы с указанием просроченных платежей;<br>5.1.5. досрочно погасить Заем частично или в полном объеме по истечении 6 (шести) месяцев с даты получения Займа, выданного на срок до 1 (одного) года, по истечении 1 (одного) года с даты получения Займа, выданного на срок свыше 1 (одного) года, без оплаты неустойки или иных видов штрафных санкций;<br>5.1.6. в течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты получения уведомления об изменении условий Соглашения в сторону их улучшения для Должника отказаться от предложенных Банком улучшающих условий в порядке, предусмотренном Соглашением;<br>5.1.7. письменно обратиться в Банк при возникновении спорных ситуаций по получаемым услугам и получить ответ в сроки, установленные Законом Республики Казахстан от 12 января 2007 года "О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц";<br>5.1.8. обращаться в Банк с ходатайством об изменении условий кредитования по настоящему |

| | |
|---|---|
| тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімдерде жауап алуға;<br>5.1.8.Банкке осы Келісім бойынша кредит беру талаптарын өзгерту туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қарама-қайшы келмейтін өтініш хатпен жүгінуге;<br>5.1.9. осы Келісіммен белгіленген талаптарды ұстана отырып, Қарыз бойынша қарызды кез келген уақытта мерзімінен бұрын ішінара немесе мерзімінен бұрын толық өтеуді жүзеге асыруға;<br>5.1.10. Банкке осы Келісімді бұзу күтілетін күннен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша мәлімдеме жіберу жолымен, сонымен қатар ағымдағы шотқа орындалмаған талаптар және қарыз болмаған жағдайда бір жақты соттан тыс тәртіпте осы Келісімді бұзуға бастама жасауға;<br>5.1.11. жасалған Келісімнен, Қосылу туралы өтініштен/Транш беру туралы өтініштен(-терден) туындайтын келіспеушіліктерді реттеу үшін "Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес банктік омбудсманға жазбаша жүгінуге;<br>5.1.12. Міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Баннке келуге және Келісім бойынша міндеттемені орындаудың мерзімі өтуінің туындау себептері, кірістер және оның Келісім талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішіне себепші болған басқа, соның ішінде:<br>- Келісім бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгертумен;<br>- шетел валютасымен берілген Кредит бойынша негізгі борыш қалдығы сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгертумен;<br>- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге шегерумен;<br>- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, соның ішінде негізгі борышты басым тәртіпте өтеумен өзгертумен;<br>- Келісімнің қолданылу мерзімін өзгертумен;<br>- мерзімі өткен негізгі борыш және (немесе) сыйақыны кешіру, тұрақсыздықты (айыппұлды, өсімпұлды) алып тастаумен байланысты расталған мән-жайлар (фактілер) туралы жазбаша өтінішті беруге;<br>5.1.13. қарызды өтеу үшін аванстық төлемдер енгізуге; қарызды өтеу үшін қарызды өтеу | Соглашению, не противоречащих требованиям законодательства Республики Казахстан;<br>5.1.9. в любое время осуществить частичное досрочное либо полное досрочное погашение задолженности по Займу, с соблюдением требований, установленных настоящим Соглашением;<br>5.1.10. инициировать расторжение настоящего Соглашения в одностороннем внесудебном порядке, путем направления Банку соответствующего письменного уведомления, не позднее, чем за 30 (тридцать) календарных дней до предполагаемой даты расторжения настоящего Соглашения, а также при отсутствии неисполненных требований к текущему счету и задолженности.<br>5.1.11. письменно обратиться к банковскому омбудсману в соответствии с Законом Республики Казахстан "О банках и банковской деятельности в Республики Казахстан" для урегулирования разногласий, возникших из заключенного Соглашения, Заявления о присоединении/Заявления (-ий) о выдаче транша;<br>5.1.12. посетить Банк в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства и представить письменное заявление о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по Соглашению, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия Соглашения, в том числе связанных с:<br>- изменением в сторону уменьшения ставки вознаграждения по Соглашению;<br>- изменением валюты суммы остатка основного долга по Кредиту, выданному в иностранной валюте, на национальную валюту;<br>- отсрочкой платежа по основному долгу и (или) вознаграждению;<br>- изменением метода погашения задолженности или очередности погашения задолженности, в том числе с погашением основного долга в приоритетном порядке;<br>- изменением срока действия Соглашения;<br>- прощением просроченного основного долга и (или) вознаграждения, отменой неустойки (штрафа, пени).<br>5.1.13. вносить авансовые платежи в погашение займа. При внесении в погашение займа суммы, превышающей сумму очередного |

| | |
|---|---|
| кестесімен көзделген кезекті төлемнен артық соманы енгізетін кезде осы сумма аванстық төлем ретінде есептеледі және қарызды өтеу кестесімен көзделген мерзімдерге және сомаларға сәйкес қарыз бойынша кезекті төлемдерді өтеу есебіне есепке алынады; | платежа, предусмотренного графиком погашения займа, данная сумма учитывается в качестве авансового платежа и засчитывается в счет погашения очередных платежей по займу в соответствии со сроками и суммами, предусмотренными графиком погашения займа; |
| 5.1.14. берешекті сотқа дейінгі тәртіпте реттеуге құқылы. | 5.1.14. урегулировать задолженность в досудебном порядке. |
| **5.2. Банк:** | **5.2. Банк обязуется:** |
| 5.2.1. Транш беру туралы өтініш жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Қарыз берілген күннен бастап есептелген сыйақыны ұстай отырып, қайтару үшін тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін ұстаусыз Қарызды қабылдауға; | 5.2.1. в течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты заключения Заявления о выдаче транша принять Заем с удержанием вознаграждения, начисленного с даты предоставления Займа, без удержания неустойки или иных видов штрафных санкций за возврат; |
| 5.2.2. өтініш бойынша өтеусіз негізде кемінде айына 1 (бір) рет 3 (үш) жұмыс күннен аспайтын мерзімде жазбаша түрде осы Келісім, Қосылу туралы өтініш, Транш беру туралы өтініш бойынша борышты өтеу үшін келіп түсетін кезекті ақшаның бөлінуі (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және мерзімі өткен төлемдерді көрсетумен төлеуге жататын басқа да сомаларға) туралы ақпаратты ұсынуға; | 5.2.2. по заявлению безвозмездно не чаще 1 (одного) раза в месяц представить в срок не более 3 (трех) рабочих дней в письменной форме информацию о распределении (на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки, штрафы и другие подлежащие уплате суммы с указанием просроченных платежей) очередных поступающих денег в счет погашения долга по настоящему Соглашению, Заявлению о присоединении, Заявлению о выдаче транша; |
| 5.2.3. осы Келісім, Транш беру туралы өтініш бойынша берілген ақшаны Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша өтеусіз негізде 3 (үш) жұмыс күннен аспайтын мерзімде оған негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және мерзімі өткен төлемдерді көрсетумен төлеуге жататын басқа да сомаларға бөліп, қайтаруға жататын соманың мөлшерін хабарлауға; | 5.2.3 по заявлению о частичном или полном досрочном возврате Банку предоставленных по настоящему Соглашению, Заявлению о выдаче транша денег безвозмездно в срок не более 3 (трех) рабочих дней сообщить ему размер причитающейся к возврату суммы с разбивкой на основной долг, вознаграждение, комиссии, неустойки, штрафы и другие подлежащие уплате суммы, с указанием просроченных платежей; |
| 5.2.4. Келісімнің талаптары олардың жақсарту жағына қарай өзгертілгені туралы Қарыз алушыға Келісіммен көзделген тәртіпте мәлімдеуге; | 5.2.4. уведомить Заемщика об изменении условий Соглашения в сторону их улучшения в порядке, предусмотренном Соглашением; |
| 5.2.5. Келісім, Транш беру туралы өтініш бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен жағдайда, Борышкерді Келісіммен көзделген тәсілмен және мерзімде, бірақ міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде: | 5.2.5. при наличии просрочки исполнения обязательства по Соглашению, Заявлению о присоединении, Заявлению о выдаче транша Банк, в течение 30 (тридцати) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства уведомляет Заемщика способом и в сроки, предусмотренные Соглашением, о: |
| 1) міндеттемені орындау мерзімі кешіктірілгені және мерзімі өткен берешек мөлшерін көрсету арқылы осы Келісім бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы; | 1) возникновении просрочки по исполнению обязательства и необходимости внесения платежей по Соглашению, Заявлению о присоединении, Заявлению о выдаче транша с указанием размера просроченной задолженности; |

| | |
|---|---|
| 2) объективті себептер болған кезде осы Келісім талаптарын өзгерту арқылы берешекті реттеу мүмкіндігі туралы;<br>3) Қарыз алушының осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар етуге;<br>5.2.6. Борышкердің жазбаша өтінішін Қазақстан Республикасының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында белгіленген мерзімдерде қарауға және жазбаша жауап дайындауға;<br>5.2.7. Келісім бойынша Банк құқығының (талабының) үшінші тұлғаға өту талабы бар шарт жасалатын кезде, Борышкерді (немесе оның уәкілетті өкілін):<br>- талап ету құқығын беру шартын жасағанға дейін Борышкерді (немесе оның уәкілетті өкілін) құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өтуі мүмкін екені туралы, сондай-ақ осындай беруге байланысты Қарыз алушының жеке деректерін Келісімде көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы;<br>- талап ету құқығын беру шарты жасалған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Келісім бойынша үшінші тұлғаларға құқықтың (талаптың) өткені туралы Борышкерді жазбаша түрде Қарызды үшінші тұлғаға өтеу бойынша бұдан кейінгі төлемдер тағайындамасын, табысталған құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ мерзімі өткен және ағымдағы негізгі борыштың, сыйақының, банк комиссиясының, тұрақсыздықтың (айыппұл, өсімпұл) және төленуі тиіс басқа сомалардың қалдығын көрсету арқылы (осы Келісім бойынша құқық (талап) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері) хабардар етуге;<br>5.2.8. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Келісіммен көзделген жағдайларды қоспағанда осы Келісім бойынша құпиялы ақпаратты, сонымен қатар коммерциялық және/немесе банктік құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламауға;<br>5.2.9. Банк Борышкерді одан әрі қаржыландырудан бас тартқан, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздер бойынша бас тартқан жағдайда, бұл туралы Борышкерге мәлімдеуге; | 2) возможности урегулирования задолженности путем изменения условий Соглашения при наличии объективных причин;<br>3) последствиях невыполнения Заемщиком своих обязательств по Соглашению, Заявлению о присоединении, Заявлению о выдаче транша.<br>5.2.6. рассмотреть и подготовить письменный ответ на письменное обращение Должника в сроки, установленные Законом Республики Казахстан 12 января 2007 года "О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц";<br>5.2.7 при заключении договора, содержащего условия перехода права (требования) Банка по Соглашению третьему лицу, уведомить Должника (или его уполномоченного представителя):<br>- до заключения договора уступки права требования уведомить Должника (или его уполномоченного представителя) о возможности перехода прав (требований) третьему лицу, а также об обработке персональных данных Заемщика в связи с такой уступкой способом, предусмотренным в Соглашении либо не противоречащим законодательству Республики Казахстан;<br>- о состоявшемся переходе права (требования) по Соглашению третьим лицам в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней со дня заключения Соглашения уступки права требования письменно уведомить об этом Должника с указанием назначения дальнейших платежей по погашению займа третьему лицу (наименование и место нахождения лица, которому перешло право (требование) по Соглашению), полного объема переданных прав (требований), а также остатков просроченных и текущих сумм основного долга, вознаграждения, Комиссий Банка, неустойки (штрафа, пени) и других подлежащих уплате сумм.<br>5.2.8 не разглашать конфиденциальную информацию, а также сведения, составляющие предмет коммерческой и/или банковской тайны, относящиеся к настоящему Соглашению, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и настоящим Соглашением;<br>5.2.9. в случае отказа Банка от дальнейшего финансирования Должника, в том числе по основаниям, предусмотренным |

| | |
|---|---|
